

"Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 639 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4510 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың штат нормативтерін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4131 тіркелген және 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 76-77 (883) "Заң газеті" газетінде жарияланған) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 124 бұйрығына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережеде:

40-тармақтың оныншы абзацында "емхананың құрылымдық бөлімшелерінің бейіндік және өзге де мамандықтары бойынша" деген сөздер "БМСК ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры (Исмайылов Ж.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға ж і б е р с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК